


көрсеткішін анықтап, оны кестеге түсіріп отырады. Қыздыруды 220<sup>o</sup>C температураға дейін жалғастырады. Одан кейін плитканы өшіреді және қорытпа салқындауы кезінде әрбір 5 минут сайын милливольтметр көрсеткіштерін жазып алып, кестеге түсіреді. Термопараны калибрлеуді 2-3 рет қайталап жүргізеді. Алынған мәліметтер бойынша әрбір температураға сәйкес келетін милливольтметр көрсеткіштерінің орташа мәндерін анықтайды және қорытынды кесте жасайды.

Термопараны калибрлеу кестесі

T, <sup>o</sup> C	V, mV	T, <sup>o</sup> C	V, mV

### 3.2.3. Оксibenзой и оксинафтой қышқылдарын синтездеудің әдістемесі

**Салицил қышқылын фенолды натрийэтилкарбонатпен карбоксилдеу арқылы синтездеу**



*Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:*

1 автоклав типті лабораториялық қондырғы

2 шыны стакан (100 мл)

1 шыны таяқша

1 бөлгіш воронка (100 мл)

1 пипетка (10 мл)

сүзгі қағаз

1 Шотт сүзгісі (№3)

1 соруға арналған шөлмек

фенол (2,35 г)

натрийэтилкарбонат (3,08 г)

көміртек диоксиді (баллон)

дистил. су